

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ  
«ЭЛИТАЛЫҚ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ «ZAMAN»



## Тілдер саясаты

Педагогикалық кеңес бекіткен күні

3 қараша 2023 жыл

Күшіне енген күні

3 қараша 2023 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. ІВ Миссиясының мәлімдемесі
2. ІВ оқушы профилі
3. Мектептің тілдік философиясы:
4. Ана тілін қолдау
5. Қабылдаушы елдің тілін үйрену
6. Қазақ тілінен өзгеше болса, оқушылардың ана тілін қолдау
7. Бастауыш сыныптың тілдер профилі
8. Жоғары мектептің тілдер профилі
9. Барлық мұғалімдерге оқушылардың тілін дамытуға үлес қосуда қолдау көрсету стратегиялары

## 1. IV Миссиясының мәлімдемесі

Халықаралық Бакалавриат (ХБ) ізденімпаз, білімді және қамқор жастарды дамытуға бағытталған мәдениетаралық түсіністік арқылы жақсырақ және бейбіт әлемді құруға көмектесетін адамдар және құрмет.

Осы мақсатта ұйым мектептермен, үкіметтермен және халықаралық ұйымдармен жұмыс істейді

халықаралық білім беру мен қатаң бағалаудың күрделі бағдарламаларын әзірлеу.

Бұл бағдарламалар бүкіл әлемдегі студенттерді белсенді, жанашыр және мейірімді болуға шақырады

Үнемі білімге құштар, оқитын адамдар, олардың айырмашылықтарымен басқа адамдар да дұрыс бола алатынын түсінеді.

## 2. IV оқушы профилі

Барлық ХБ бағдарламаларының мақсаты мойындайтын халықаралық ой-өрісі бар адамдарды дамыту болып табылады

Олардың жалпы адамзаттық және ғаламдық ортақ қамқорлығы, жақсы және көбірек бейбіт әлем жасауға көмектеседі

**Зерттеуші** оқушы зерттеуге және өз бетінше оқуға қажет дағдыларды игере отырып, өзінің табиғи қызығушылығын дамытады. Оның оқуға деген құштарлығы ерекше және сол қызығушылығы өмір бойы сақталады.

**Білімді** оқушы жергілікті және жаһандық маңызды мәселелерді, идеяларды және концепцияларды зерттейді. Кең ауқымды және үйлесімді пәндер жиынтығы арқылы терең түсінік қалыптастырып, білім аясын кеңейтеді.

**Ойшыл** оқушы бастамашыл, күрделі мәселелерді шешуде сыни, шығармашылық және этикалық тұрғыдан негізделген парасатты шешімдерді қолданады.

**Тіл табысқыш** оқушы қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері арқылы ақпараттарды, идеяларды түсініп, бірнеше тілде шығармашылық тұрғыдан сенімді түрде жеткізе алады. Ол басқалармен ынтымақтаса тиімді жұмыс жасайды.

**Ұстанымы берік** оқушы қоғамның, топтың, тұлғаның абыройын құрметтеп отырып, әділдікті жақтап, адал әрекет етеді. Ол өз іс-әрекеті мен соның нәтижесі үшін жауап бере алады.

**Қамқор** оқушы өзге адамдардың сезімдері мен қажеттіліктеріне құрметпен қарап, жанашырлық танытады. Оның қоғамға қызмет етуде өз ұстанымдары бар. Ол қоғам мен қоршаған ортаға белгілі бір дәрежеде оң ықпал етуге тырысады.

**Тәуекелшіл** оқушы таныс және бейтаныс жағдайларда өзін сенімді ұстайды, бұл ретте жаңа рөлдер, идеялар мен стратегияларды зерттеу кезінде рухының дербестігін сақтап қалады. Ол өз пікірін батыл дәлелдейді.

**Үйлесімді** оқушы өзі үшін де, өзгелер үшін де табысқа жету мақсатында зияткерлік, дене және эмоциялық тепе-теңдіктің маңызды екендігін жақсы түсінеді.

**Талдаушы** оқушы білім алуымен жеке дамуына жағдай жасау үшін өзінің мықты және әлсіз жақтарын бағалай және түсіне отырып, өзінің білімі мен алған тәжірибесін талдай алады.

**Ой-өрісі кең** оқушы өз мәдениетін, тарихын түсінеді және бағалайды. Басқа ұлттар мен қауымдастықтардың дәстүрі мен мәдени құндылықтарын құрметтейді. Ол үнемі әртүрлі көзқарастарды жан-жақты қарастыра отырып, тәжірибе жинақтайды.

### **3. Мектептің тілдік философиясы**

Саясат мектептің тіл философиясын көрсетеді және оқушы ана тілінің дамуын басты орынға қояды. Бұл мектептің миссиясында да анық көрсетілген. “Заман” мектебі оқушыларына қазақ тілінде білім беруді ұсынады. Сонымен қатар ағылшын және орыс тілі сабақтары мектептің оқу бағдарламасының негізгі компоненттеріне жатады. Мектеп оқушылардың басқа да шет тілдерін үйренуін қолдайды, Заман мектебінде шет тілдерін қолдау мәдениетаралық қарым-қатынасты арттыру құралы, сонымен қатар білім алу құралы. Жоғары мектепте ағылшын тілі екі тілде оқытылатын пәндерге қатысты маңызды болғандықтан бастауыш сыныптан бастап пән ретінде оқытылады. Сонымен қатар қос тілді сабақтарда glossary, driving questions және басқа да CLIL -де қолданылатын техникалар қолданылуда. Осылай мектепте тіл үйренудің маңыздылығы мен интернационалдық көзқарас насихатталады.

### **4. Ана тілін қолдау**

Қазақ тілі оқу жоспарындағы ана тілі болып табылады. Ана тілін бірінші тіл, ана тілі, туған тілі деп те атайды; бұл оқушылардың ең сауатты тілі. Ана тілін меңгеру орта мектептің барлық сыныптарында міндетті талап болып табылады. Қазақстанның көпшілік бөлігі үшін қазақ тілі ана тілі болып есептеледі. Қазақ тілін меңгеру әдеби шығармаларды оқу мен талдауды, сондай-ақ оны үйренуді қамтиды.

### **5. Қабылдаушы елдің тілін үйрену**

Қазақ тілінде базалық білімнің болуы мектепке қабылданушы оқушы үшін талап болып табылады. Себебі барлық сабақтардың негізгі өтілу тілі қазақ тілі. Төмен деңгейде қазақ тілін білетін оқушылар үшін фазаға бөліну арқылы, білімін жақсартуға жұмыс істеу қарастырылған. Сонымен қатар, қазақ тілін оқу деңгейіне дейін арттыру үшін оқушыларға қосымша сабақтар ұсынылуы мүмкін.

### **6. Қазақ тілінен өзгеше болса, оқушылардың ана тілін қолдау**

Қазақ тілі мен әдебиет мектептегі өздігінен оқытылатын курс ретінде есептеліп, мұндай жағдайда оқушыға сырттай мұғалімнің жетекшілігімен және мектептің академиялық

жетекшілерінің бақылауымен сабақтар өткізілуі мүмкін.

**“Zaman” мектебінде оқытылатын пәндер және сол пәндердің оқытылу саясаты: РҮР, МҮР және ДР бағдарламаларына байланысты өзгешеліктерді қамтиды**

### **7. Бастауыш сыныптың тілдер профилі**

Бастауыш мектепте сабақтардағы нұсқау тілі қазақ тілі яғни сабақтардың басым бөлігі қазақ тілінде өтеді. Бөлек пәндер – ағылшын тілі, Сингапур математикасы, Сингапур ғылымы – ағылшын тілінде өтеді, ал орыс тілі орыс тілінде өтеді.

Қазақ тілі мен ағылшын тілдерін терең оқыту мақсатында бұл сабақтарда фазалық оқыту енгізілген. Фазалық яғни деңгейлік оқытуды ұйымдастыру мақсатында оқушылардан оқу жылының басында диагностикалық тест алынады. Тесттерде оқушылардың сөздік қоры, тыңдалым, айтылым, сөйлеу және жазылым дағдылары тексеріледі. Осы тесттердің нәтижесінде әр параллельдің оқушылары өз деңгейлеріне сәйкес фазаға бөлінеді. Жалпы, әр параллельде үш фаза бар:

1 фаза – бастапқы деңгей

2 фаза – орташа деңгей

3 фаза – жоғарғы деңгей

Диагностикалық тесттер оқу жылына екі мәрте өткізіледі: оқу жылының басында (қыркүйек айында) және оқу жылының ортасында (қаңтар айында). Әр диагностикалық тест нәтижесі бойынша оқушылардың басқа фазаға ауысуға мүмкіндіктері бар.

Сонымен қатар, бастауыш мектепте әр сыныпта әр түрлі тілдегі кітап бұрышы бар. Оқушылар өз ана тілдерінде және басқа да тілдерде күнделікті таңертең сол кітаптарды оқып тілдерін дамытады.

### **8. Жоғары мектептің тілдер профилі**

Жоғарғы мектепте негізгі нұсқау тілі - қазақ тілі.

Оқушыларға қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі сабақтары өткізіледі.

Тілдік фазаға қазақ тілі және ағылшын тілінен бөлінеді. ІВ бағдарламасы аясында 6 фаза қарастырылған. Оқушылар фазаға төрт критерий бойынша дағдылары тексерілген соң деңгейіне сәйкес бөлінеді. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым. Оқушылар әр қыркүйек және қаңтар айларында аталмыш емтиханды тапсырып, нәтижесінде сәйкесінше фазаға ауыстырылып отырады.

Жоғары мектепте толық ағылшын тілінде өтетін сабақтар: Жаналықтар аналитикасы, дүние жүзі тарихы, Singapore Science, Singapore Math, College Counselling, SAT Quantitative, SAT Verbal, English for Academic Purposes, Social Studies, Global Perspectives, Introduction to

Engineering, Introduction to programming, Creative writing, Academic writing.

Қос тілде болатын сабақтар: 7-11 сыныптар бойынша физика, биология, химия, информатика.

## **9. Барлық мұғалімдерге оқушылардың тілін дамытуға үлес қосуда қолдау көрсету стратегиялары**

ХБ қағидасы бойынша тіл дамытуға барлық мұғалімдер бірдей жауапты. Тек тіл сабақтарының мұғалімдері ғана емес әрбір ұстаз барлығы бірдей оқушының тілдік дамуына үлес қосатынын есте ұстауы керек. Бұл жерде тілді ерекше атап өту керек себебі тіл тек академиялық оқу құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың болашақ өміріндегі халықаралық, мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде де қызмет етеді. Осыны ескере отырып, бірлескен жоспарлау рефлексия тұрақты негізде мектепте өткізіледі.

Барлық оқушылардың үлгерімі туралы және олардың жеке оқу қажеттіліктерін қамтитын жоспар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, тіл дамыту жауапкершілігі оқушылардың өздеріне де байланысты және олар өздерінің тіл үйрену тәжірибесін өз мүмкіндіктеріне қарай пайдаланады деп күтілуде. Біздің мектеп мұғалімдердің тіл біліктілігін арттыруға қолдау көрсетуге тырысады. Ағылшын тілінің дамытуы қарастырылады. Бұл, мысалы, мұғалімдерге тіл курстарына қатысу мүмкіндігін ұсыну арқылы жасалуда.